Білім алушылардың эстетикалық және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, балалардың домбырада орындау шеберлігін насихаттау, музыка ойнаудың ұжымдық нысандарын дамыту және жетілдіру мақсатында дәстүрлі Наурыз мерекесіне арналған 20.03.2025 ж күні сағат 11:00 де “Күй күмбірі” республикалық домбырашылар челленджі ұйымдастырылды. Челлендж барысында Құрманғазы Сағырбайұлының күйі “Балбырауын”, халық күйі “Тепеңкөк”, Әбдімомын Желдібаевтың күйі “Ерке сылқым” орындалды.

https://www.instagram.com/p/DHaZ2mvojEB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Наурыз мейрамына арналған ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Тәрбие сағаттарының мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық салт-дәстүрлерді ұғындырып, оларды ел тарихымен таныстыру болды.

<https://www.instagram.com/reel/DHY0Tn1oF94/?>

utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқушыларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу мақсатында “Қош келдің, Әз-Наурыз” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын көрсету және оларды құрметтей білуге тәрбиелеу мақсаты орындалды.

https://www.instagram.com/reel/DHY1Deho2LN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DHY1zJZouxG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ұлыстың Ұлы күні — Наурыз мерекесіне орай Астана қаласының Алматы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өңір мектептері арасында халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеу бойынша байқау өткізілді.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тартысты да тағылымды өткен шарада Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ✓48 мектеп-лицейі жеңімпаз атанды!

Халқымыздың байырғы дәстүрлеріне жататын “Селт еткізер”, “Ат тергеу” және “Босаға майлау” салттарын “Абай ауылындағы” көрінісінде керемет ұштастыра шеберлікпен суреттей білген әріптестеріміздің өнері көпшілік көңілінен шығып, қазылар алқасы тарапынан лайықты бағасын алды.

2025 жылы Тайландта өткен Муай Тайдан әлем чемпионатында 8 “Ә” сынып оқушысы Байшолақ Мұстафа әлем чемпионы атағын жеңіп алды! Бұл – үлкен жетістік және мектебіміз үшін асқан мақтаныш! Сынып жетекшісі - Айнұр Секенқызы

https://www.instagram.com/reel/DHacMCpoOYL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DHghLMRIU3Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Халықаралық «Шашу өнер» фестиваліне мектебіміздің «Шашу» би ансамблінің 15-17 жас тобы қатысып бас жүлдемен, кіші топ бишілері 2 дәрежелі орынды, эстрадалық вокал жанры бойынша 5 «Б» сынып оқушысы Байбек Көркем 1 орын иеленді.

https://www.instagram.com/p/DHyEtoYI7Ag/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DHyE9-I1zX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында» Біз таңдаған кітаптар» тақырыбында сынып сағатын 3 «Е» сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Г.Н.Қарашаева өткізді.

Мақсаты: Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарын күтіп ұстауға үйрету.

https://www.instagram.com/reel/DIDgFwRIDNH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде оқушыларымен саптық жиын өткізілді.

Саптық жиында білім алушылардың III тоқсандағы білімдері сараланып, пәндер бойынша және спорт, өнер саласында жетістікке жеткен оқушылар

марапатталып, тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар қорытындыланды.
https://www.instagram.com/reel/DIIptpJocxN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы жоспары негізінде бастауыш сынып оқушыларымен жолда жүру ережесі туралы түсіндірме жұмыстарын мектебіміздің жас инспекторлар отряды жүргізді.

Мақсаты: оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білім қалыптастыру, жолда абайлап жүруді үйрету, көшеде жүру ережесімен таныстыра отырып, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу
https://www.instagram.com/reel/DIJcr8gIsQH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Даналық мектебі» жобасы негізінде «Аналар» клубының жиналысы өткізілді. Мақсаты:

- аналардың қоғамдағы рөлінің маңыздылығын талқылау, олардың отбасындағы және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін көрсету, аналардың беделін арттыруға бағытталған шараларды ұсыну, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды нығайту арқылы ұрпақ тәрбиесіне оң ықпал ету.

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Сәуір айының 4-і күні мектептің Қамқоршылық кеңесімен ІІІ тоқсан қорытындысы бойынша есеп беру жиналысы өтті.

Мектеп директоры Н.Б.Қияқбай жүргізіп отырған кеңес жаңа форматта , мектепте жақында ашылған “Толағай” ұлттық күштік ойындар” жаттығу залында ұйымдастырылды. Тың өрісте қызықты да нәтижелі өткен жиында ІІІ тоқсандағы оқушылардың білім сапасы, білім мекемесіндегі үйірме жұмыстарының барысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылып отырған жұмыстар, оқушылардың түрлі байқау мен конкурстардағы жетістіктері, Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы туралы мәселелер қаралып, талқыланды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Біз таңдаған кітаптар» тақырыбында сынып сағатын 3 «Е» сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Г.Н.Қарашаева өткізді.

Мақсаты: Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарын күтіп ұстауға үйрету.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясын өткізу шеңберінде мектебімізде 2-11 сынып оқушылары көкөніс тұқымдарын екті. Мақсаты:

- Білім алушылардың экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыру;
- Адамның табиғатпен ажырамыс байланысын түсіну, табиғаттың жалпы адамзаттық құндылығын және адамдардың әл-ауқатын тіршілік ету ортасының тұтастығына тәуелділігін түсінуі.

https://www.instagram.com/reel/DIGOFh0IFPn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде 11 сәуір күні «Жеңіс өлеңдері» - поэтикалық-интернет акциясы өткізілді. Бастауыш сыныппән бірлестігінің онкүндігінде 3-сынып

ұстаздарының ұйымдастырумен 3-сынып оқушылары арасында А. Байтұрсынұлы шығармалары бойынша «Ұлт ұстазы-мәңгі есте!» атты мәнерлеп оқу сайысы болып өтті. Іс-шара барысында оқушылар А. Байтұрсынұлы шығармаларын нақышына келтіріп мәнерлеп айтып, көрермендердің ықыласына бөленді. Сонымен қатар оқушылар А. Байтұрсынұлы туралы ақпараттармен бөлісіп, шығармалары бойынша салған суреттерінің негізгі идеяларын айтып, өз ойларын ортаға салды.

Астана қаласының мектептері арасында өткен “Интеллект Алаңы” дебат ойынында,

“Ахмет” дебат клубының мүшелері Даниярқызы Балауса мен Ермек Бекасыл 2 орынды иеленді. Серік Жігер мен Баянбай Лашын арнайы сертификатпен марапатталды

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының аясында “Дені саудың-жаны сау” тақырыбында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында, ұлттық спорт мәдениетін кеңінен тарата отырып, бастауыш сынып ұстаздары Қаракөз Серікбайқызы мен Ләззәт Бекжанқызы 4-сыныптар арасында «Бала Толағай» ұлттық спорт сайысын өткізді. Балалар ұлттық спорт ойындарымен кеңінен танысып, әр ойынға белсене қатыса білді.

Халықаралық «Шашу өнер» фестиваліне *мектебіміздің «Шашу» би ансамблінің 15-17 жас тобы қатысып бас жүлдемен, кіші топ бишілері 2 дәрежелі орынды иеленді. Эстрадалық вокал жанры бойынша 5 «Б» сынып оқушысы Байбек Көркем 1 орын иеленді.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасындағы «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы» аясында, «Көркем еңбек» пәнінде 9-сынып оқушылары сабақ барысында «Құстарға ұя сыйлайық» тақырыбында құстарға ұя жасап, дизайн және құрастыру бағыттарында тапсырмалар орындады. Сабақ барысында оқушылардың еңбекке деген ынтасын арттырып, өз қабілеттерін жаңа қырынан танытуына мүмкіндік берілді. Әр оқушы өзінің шығармашылық идеясын жүзеге асырып, еңбекқорлықтың арқасында нәтижеге қол жеткізуге болатындығының маңызын түсінді.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде ұлағатты ұстаз Кируова Жанат Кәрімқызының 60 жасқа толған мерейтойы қарсаңында әріптесіміздің “Өнерлі шәкірттеріммен өрілген ғұмыр” атты шығармашылық кеші өтті. Іс-шараны мектеп директоры Қияқбай Нұрила Бақтиярқызы ашып беріп, мерейтой иесін мектеп ұжымы атынан құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады.

А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында “Қамқор” жобасы негізінде, “Түлектердің ағаш егуі” экокеллендінгін қолға алып, мектебіміздің 11 сынып оқушылары, ата-аналары және сынып жетекшілері бар ықыластарымен шыршалар отырғызды. “Ағаш отырғызу - атадан қалған мирас” демекші “Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа!”-деп, келешек жас ұрпақтарымыздың елінің көркеюіне қосар үлестерінің көптігін түсіне білді.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей кітапханасында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізінде «Оқуға құштар-мектеп» жобасы бойынша Сәбит Мұқановтың 125 жылдығына орай «Тарлан талант тағдыры» тақырыбында 6 “А” сынып оқушыларымен танымдық сағаты өтті.

2025 жылдың 19 сәуірінде «Астана дарыны» орталығы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясымен бірлесіп 2-4 сынып оқушылары арасында қалалық «Бала Абай» байқауын өткізді. Байқауда мектебіміздің 2 “А” сынып оқушысы Ділдәбек Айкөркем 3 орынды иеленді. 3”А”сынып оқушысы Мырзаш Рамазан қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді.

23 сәуір «Ұлттық кітап күні» аясында Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ҚММ *«Бір ел – бір кітап»* республикалық акциясы аясында *«Қазақ прозасы мен поэзиясының қос тұлпары»* тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өтті. Мектебімізден 10 «В» сынып оқушылары Тоқтар Қарақат Ерлікқызы І-орынды иеленсе, Қайратқызы Гулзат номинациямен марапатталды.

Тазалықпен зарядтал! 25 сәуір күні, сағат 12:00-де мектебімізде «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық акциясы аясында ерекше шара — Экофитнес өтті!Музыкалық сүйемелдеудің ырғағымен оқушыларымыз өз энергияларын табиғатты қорғауға арнап, қоршаған ортаға жанашырлық танытты.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтарының жұмысы аясында «БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК» күнін ұйымдастыру мақсатында «ЭКО тәрбие – отбасында» атты тақырыбында 26 сәуір күні Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде аса ұйымшылдықпен өткізілді. Жоспарда ұсынылған әр аймаққа ата-аналар белсене қатысып, өз ойларымен бөлісе отырып, басқа да қажетті ақпараттармен танысып тарқасты.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында 26 сәуір күні Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде сағат 10:00 де ауқымды сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке келген оқушылар мен ата-аналар және «Эстетика» бірлестігі мұғалімдері көптеген ағаштар мен раушан гүлдерін отырғызып, мектебіміздің айналасының көркеюіне үлестерін қоса білді. Сонымен қатар талдардың түбі әктеліп тазалық жұмыстары жүргізіліп жалғасын тапты.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында, Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай 6-7 сынып оқушылар арасында өткен «Ұмытылмас ерлік ұрпаққа аманат» сурет байқауында І орын Хамитов Еміл, Нарымби Айым, ІІ орын Бахытжан Жұлдыз, Эдуардқызы Жания, ІІІ орынды Нұрлан Аруназ, Серік Аружан,Рамазан Ақерке, Жомарт Сая иеленді.

МАМЫР – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай мерекелік сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар, 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған түрлі ұлттар мен ұлыстардың достығын дәріптейтін жүрекжарды тақпақтар оқып, ел бірлігінің маңызын паш етті.Оқушылар әр ұлттың салт-дәстүрімен, мәдениетімен танысып, татулық пен достықтың маңызы жайлы ой бөлісті. Сынып сағаты барысында балалар бірлік туралы өлеңдер оқып, ұлттық киімдермен танысып, әр халықтың тағамдары мен өнері жайлы қызықты мәліметтер білді.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы жоспары негізінде бастауыш сынып оқушыларымен жолда жүру ережесі туралы түсіндірме жұмыстарын мектебіміздің жас инспекторлар отряды жүргізді.Мақсаты: оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білім қалыптастыру, жолда абайлап жүруді үйрету, көшеде жүру ережесімен таныстыра отырып, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа

тәрбиелеу.

«Әке – ұрпақ тәрбиесінің тірегі» тақырыбында бастауыш сыныптар апталығы аясында мектебімізде бастауыш сынып мұғалімдері Темирбекова Жумакуль Сейтбековна мен Сактаганова Айнур Балтабаевнаның ұйымдастыруымен ерекше форматта, тәрбиелік мәні зор тренинг өткізілді. Іс – шара барысында әкенің отбасындағы, бала тәрбиесіндегі орны мен рөлі туралы терең ой қозғалды. Әкелер мен мұғалімдер ашық пікір алмасып, тәжірибе бөлісті.

Ұлы Отан соғысының батырларын еске алу акциясы аясында соғыс ардагері Байкешев Рзагул атамyzды оқушылар арнайы құттықтап барды. Білім алушылар атпал азаматты мерекесімен құттықтап, өз өнерлерін көрсетті. Рзагул ақсақал мектеп ұжымы мен оқушыларға алғысын білдіре келе батасын берді. Батыр аталарымыздың ерлігі - біз үшін мақтаныш, бейбіт өміріміздің бағасын ұмытпау - парызымыз. Ардагерлерімізге алғысымыз шексіз!

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде “Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы” және 7 мамыр “Отан қорғаушылар” күніне орай “Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран” атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты – жас ұрпақ санасына Отанға деген сүйіспеншілікті ұялату, ерлікті құрметтеуге тәрбиелеу, ел қорғаған ерлердің өмір жолын үлгі ету. Шара барысында оқушылар батыр бабаларымыздың ерен ерлігін еске алып, олардың жанқиярлық істерін сахналық көріністер, жүрек тебіренер өлеңдер мен патриоттық әндер арқылы паш етті. 2025 жылдың 12 мамырында 8–11-сынып қыздарымен «Тазалық пен әсемдік» тақырыбында жиналыс өткізілді. Іс-шараны мектеп координаторы Жанар Рысбаевна мен мектеп психологтары Назкен Оңғарбекқызы және Диана Дарханқызы ұйымдастырды.

Жиналыстың мақсаты – жасөспірім қыздарды жеке бас гигиенасын сақтау, тазалық пен сыртқы келбетке ұқыпты қарау, өзін-өзі бағалау және қыз бала әдебіне сай мәдениеттілікке тәрбиелеу.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ерекше рухани мәнге ие «Екі жұлдыз» байқауы жоғары деңгейде өткізілді. Бұл өнер додасы ұстаздар мен оқушыларды біріктіріп, Абай мұрасына деген сүйіспеншілікті ән арқылы жеткізуді мақсат етті. Байқауға қатысқан барлық жұптар өнерлерін паш етіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Балажанды, адам түгіл қыбырлаған жер жәндігін де ренжіте алмайтын, әрбір шәкіртінің жүрегіне өзінің саф алтын болмысымен жол таба білген, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек еткен ұлы ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, тілші, оқу-ағарту ісінің үздігі Қайрат Асылбекұлы Мамаділді «Менің елім - кеудемдегі жүрегім» атты поэзиялық еске алу танымдық іс шарасын қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Капшаева Гулшат Аблашқызы мен 11 «А» сынып оқушыларының ұйымдастырумен өткізді. Еске алу кешіне Еуразия гуманитарлық институтының оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессоры Ахметов Қадыр аға, ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының докторы, профессоры Шақабоева Салтанат, Еуразия гуманитарлық институтының доценті Шадиева Нүргүл және жары Маржангул ханым қатысты. Оқушылар Қайрат Мамаділдің «Ұлар үні» атты өлеңдер жинағынан жырларын, ғалым жайында жазылған

естеліктерді жатқа оқып, әндерін орындады. Қадірлі қонақтарымыз Қайрат ағаның ұстаздық жолындағы ерен еңбектері мен, естен кетпес естеліктерімен бөлісті.

Мектептің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдермен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілді.

Тәрбие кешені бойынша бір параметрге жататын қосымша білім беру бағыты– білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі Мектепте білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етілді. Жыл сайын қосымша және факультатив сабақтардың жоспарлары және оларды орындау жөніндегі есептер бекітілді.

Тәрбие жұмыстары негізінде "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру бойынша тиісті жұмыстар атқарылды. **Білім беру ұйымының электронды журналдан "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының жүзеге асырылуы дүниетану пәнінен 1-3-сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнінен 15 сағаттық, 10-11-сыныптарды АӘД пәнінен 12 сағат күнтізбелік тақырыптық жоспарлауда кіріктіріліп өткізілді.**

Сынып жетекшілері тәрбие сағаттарында жоспарға сәйкес келесі тақырыптарда кеңес беріп, қауіпсіздік тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырды:

1. Көшеде жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережесі;
2. Судағы, су қоймаларындағы қауіпсіздік ережесі;
3. Өрт қауіпсіздік ережелері
4. Күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері;
5. Мұз үстіндегі қауіпсіздік шаралары;
6. Төтенше жағдайларда (лаңкестік) әрекет ету бойынша берілетін нұсқамалар;
7. Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кезде қорғану іс-әрекеттері т.б.

Жолда жүру ережесін оқыту жоспарға сәйкес жүргізілді. Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері туралы және жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесімен таныстыру, жол апаттарының алдын алу, балалар арасында жол қозғалысы ережесін насихаттау мақсатында “Абайлаңыз, балалар!» атты іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында жол полициясы қызметкерлерімен кездесу, қауіпсіз жол қозғалысы сабақтары, «Біз жолдардағы қауіпсіздікті қолдаймыз!» және т.б тақырыптық шаралар жүзеге асырылды. Білім беру стандартының 2-

қосымшасының 26-тармағында көрсетілген «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан және 3-қосымшаның 38-тармағында көрсетілген «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8-сыныптарда 10 сағаттан қарастырылды.

Оқушыларды төтенше жағдай болғанда көмек көрсетуге, қажырлылыққа, бір-бірін қолдауға, айтылған нұсқаулықтарды жауапкершілікпен орындауға бейімделуін қалыптастыру мақсатында азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар қызметтері туралы, тосын оқиғаларға дайындауға бағытталған кеңестер берілді, тәрбие сағаттары өткізілді.

“Таза Қазақстан” акциясы аясында білім мекемесінде әр аптада сенбілік өткізіліп келеді. Ұжым қызметкерлері мектеп аумағын қоқыстан тазалап, ағаш көшеттерін отырғызып, түбін қопсытып баптап, түрлі көкөніс пен жемістер егілген үлескі орындарын суарып, күтіп, ізгілікті іске үлес қосуда. “Тазалық — саулық негізі” деген сөзді ұран еткен әріптестер ынтымақ-бірлік пен екбексүйгіштіктің үлгісін көрсете отырып, өнегелі шараға ұйымшылдықпен атсалысып келеді.

Тәрбие бағытының басым бөлігі – оқушылардың өмір қауіпсіздігі десек, осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылды. Соңғы меже - оқушылардың жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік шаралары және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік мәселелері. Лагерь кезінде балалардың қауіпсіздігіне жауапты қызметкерлер: ДТІЖО, тәрбиешілер, үйірме жетекшілері мен медбикелер бірлесе отырып тиісті жұмыстарды атқарды.

Келесі мәселе Мектепішілік есептегі оқушылармен жұмыс туралы. Оқу жылының басында есептегі оқушылар 9 болса, оқу жылы барысында 3 оқушы есептен шығарылып, 13 оқушы есепке алынды, қорытындысында қазіргі күнде 19 оқушы мектепішілік есепте тұр. Астана қаласының білім басқармасы тарапынан білім мекемесіндегі әрбір мектепішілік есепте тіркеуде тұрған оқушыларға мектеп әкімшілігі және педагог-шебер, педагог-зерттеуші санаттарына ие мұғалімдерден жауапты тәлімгер ұстаздар тағайындау туралы тапсырма берілген болатын. Басқарма мамандары тек психолог пен сынып жетекшіден бөлек, есептегі оқушының тәртібінің түзелуіне жан-жақты әсер ету, осы мақсатта тәжірибелі, жоғары санатты педагогтардың тәжірибесін қолдану керектігіне назар аударуды ескертті. Осыған орай мектеп директорының бұйрығы шығарылып, тізімдегі мұғалімдер мектепішілік есептегі оқушыларға тәлімгер болып бекітілді. Тәлімгерлер тарапынан жұмысты жүйелеп, уақытылы жүргізе отырып, әр ай сайын атқарылған жұмыстар туралы мәлімет беріліп келеді.

Мектебімізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту бойынша жұмыстар атқарылуда. Оқу жылы ішінде мектеп директорының сыбайластық бойынша 4 рет бұйрығы шығарылды: Мұғалімдер күні, Жаңа жыл, 8 Наурыз және Соңғы қоңырау мерекелері қарсаңында. Соңғы бұйрық Астана қаласы Білім басқармасының хаты негізінде 15 мамыр күні шығарылды. Онда ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындау, білім беру ұйымында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық ұжым, ата-аналар қоғамы, қамқоршылық кеңестің өзара келісімімен мерекелік шараларға байланысты артық шығындардан бас тарту, ата-аналардан қаражат жинауға, бағалы заттардан сыйлық алуға және сыйға тартуға тыйым салынады.

Соңғы кезеңде оқу жылын аяқтау, Соңғы қоңырау мерекесін өткізу, мемлекеттік емтихандар тапсыру, аттестат тапсыру салтанаты, мектеп бітіру кештерін өткізу сияқты жауапты науқандар атқарылды. Осы шаралардың барлығы ұйымшылдықпен, талапқа сай өткізілді. Әрине, бірінші кезекте оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық берілді. ҰБТ тапсырған, емтихан тапсыру кезінде оқушылардың көңіл-күйі жіті назарымызда болды. Олардың терең күйзеліске түспеуі қадағаланды.

**Республикалық «Балалар кітапханасы» жобасы
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мектеп кітапханасында
оқушылардың тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту» 2024-2025 оқу жылындағы
кітапхана жұмысының кітапхананың жылдық есебі**

Кітапхана жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары:

Мектеп оқушыларының адамгершілік-рухани болмысының кемелденуіне, өздігінен білім алуға ынтасының артуына жағдай жасау

Осыған байланысты кітапхана келешекте мынандай бағыттарды белгілейді:

Кітапхананың негізгі бағыттары:

- жалпы кітапхана қорының сапалық құрылымын дамыту;
- кітапханада электрондық ақпараттық қорларды құру;
- сапалы кітапхана-ақпараттық қызметін дамыту;
- электрондық ақпаратқа еркін қол жеткізуді кеңейту;
- қорларды және қызметтер жарнамасы, қоғаммен байланысты қолдау;

Кітапхана мақсаты:

- Қазақ балалар әдебиетін әлемдік балалар көркем әдебиетінің дәстүрімен тығыз байланыста таныстыру;

- Этномәдениеттің бағалы құндылықтарын меңгеру арқылы адамгершілік қасиеті мол, тілі мен дінін, салт- дәстүрін қадірлейтін патриоттық сезімі бар тұлға тәрбиелеу;
- Жаңа әлемдегі, Жаңа Қазақстанның білімді де білікті жастарын қалыптастыру;

Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры:

- Барлық кітап қоры – 53410
- Оқулық – 44764
- Әдеби көркем – 8646
- Электронды – 625
- Қазақша – 6686
- Орысша – 702
- Ағылшынша – 633

Оқырмандармен жеке жұмыс:

- Оқырмандар саны жаңадан тіркелген – 677
- Келушілер саны – 2750
- Кітап беру саны - 2471

Кітапхананың құрылымы:


1	Кітапхананың көлемі	165,10
2	Оқу залы, абонеменпен бірге	1
3	Сақтау қоймасы	1
4	Оқу залындағы орындар саны	60

Кітапхананың материалдық техникалық базасы:

р/с	Құрал-жабдықтар аты	Саны	Инвер номері
1	Монитор	6	241300000570,571,574,575
2	Системный блок	5	241300000570,571,574,575
3	Клавиатура	6	241300000570,571,574,575
4	Тінтуір	6	241300000570,571,574,575
5	Панель	1	241300000654
6	Турникет (Отан мектеп) компьютер құралдарымен	1	-
7	Басып шығарғыш	1	241300000641
8	Компьютерлік столдар	8	0136000540, 0138000303
9	Парта	17	-
10	Жұмсақ орындық	28	-
11	Кресло	1	241600007241
12	Кітап сөрелері	66	123-186

13	Көрмеге арналған кітап сөрелері	4	117-119
14	Каталогтар салатын	1	108

Қызмет көрсету аясы:



Тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы.

Мектеп кітапханасы – кітап арқылы оқушылардың жан-жақты білім алуымен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасын қалыптастырып, ғылыми, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлеуметтік орын. Біздің жауапкершілікті міндетіміз: кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан-жақты дамыту болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы жолында рухани байлықты тереңдете оқыту мен насихаттау ірі мәселелердің бірі. Сондықтан қазақ халқының қоғамдық саяси, әлеуметтік мұралары мен бай рухани қазыналарын сақтап, қорғап қалыптастыру мен насихаттау кітапхана қызметкерлері үшін қашанда басты міндет. Қоғамның интеллектуалды бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру мен еліміздің мәдени және ақпараттық тұтастығын қамтамасыз етуде кітапхананың алатын рөлі ерекше. Заманауи мектеп кітапханасы ақпарат жинақтаушы және сақтаушы, білімдер жиынтығының қуат көзіне айналуға. Академик Д.Лихачев: **«Кітапханашы өзінің жалғыз тақырыбымен емес, өзгелердің көптеген «бөгде» тақырыптармен жұмыс істейтін ғалым»** демекші, мектеп кітапханасының негізгі жүйесін жетілдіруде жоспарлы түрде көптеген іс-шаралар өтеді.

2024-2025 оқу жылында атқарылған мәдени-көпшілік іс-шаралар:

Республикалық «Балалар кітапханасы» жобасы «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында бірнеше іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл жобаның негізгі мақсаты - кітап оқу арқылы оқушы бойында жоғары азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Оқу белсенділігін, оқу құзіреттілігін дамыту. Отбасымен бірге кітап оқу дәстүрін жаңғырту. Оқушылардың зияткерлік әлеуетін көтеру. Кітап дегеніміз – алдағы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында мектебімізде екі жыл көлемінде әр оқу жылынан бастап, мектебімізде 1 – қазан мен 1 – мамыр аралығында **«Мен оқығанды ұнатамын»** жобасы жүзеге асуда. **«Кітап оқу жақсы әдет»**, **«Бір отбасы-бір кітап»**, **«Мектептің үздік оқырманы»** номинациясы бойынша жеңімпаздар мектебіміздің атынан бағалы сыйлықтарға ие болады.



Өткізілген іс-шараларымызға тоқталатын болсақ. **«Тілім-менің тірегім!»** Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арнап, 8- сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы Отбасы оқырман клубының «Отбасылық сауаттылық» жобасы бойынша «Баласы кітап оқыған ел – бақытты ел» атты отбасылық әдебиет сағаты ұйымдастырылды.

ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП



«Кел, балалар оқылық» кітапханаға саяхат 1- сынып оқушыларымен кітапханамен алғашқы танысуларын саяхат жасап, оқырманға қабылдау өткізілді.



4 «Ә сынып» оқушыларымен «Туған өлкем - Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі және кітапханалық сағат ұйымдастырылды.



Тәуелсіздік күніне орай **«Тәуелсіздік жетістіктері»** тақырыбында 3-сынып оқушыларымен танымдық сағат өткізілді.



«Абай және қазақ әдебиеті» ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылғы жайлы білімдерін толықтыру

мақсатында 7 сынып оқушыларымен танымдық сағат өткізілді.



«Ұшқыр ой алаңы», тақырыбында 6 сынып оқушылары және ата-аналарымен «8

минуттық әдеби кітап оқу» жобасы бойынша оқыған шығармаларына талдау жұмысы жүргізілді.



Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мектеп кітапханасында тілдер апталығы аясында кітапханамен бірлескен **«Есіңе мені алғайсың»** атты әдеби-сазды кеш, 2-4 сыныптар арасынан «Мұқағали мұрасы-қазақтың қазынасы» атты мәнерлеп оқу видеоролик ұйымдастырылды.





«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында **«Шын жүректен кітап сыйла!»** акциясы ұйымдастырылды. Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын, кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін ескере отырып, мектеп кітапханасы Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген еді Ғабит Мүсірепов. Ал, Абай атамыз «Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге» деген. Оқырмандар үшін біздің мектебіміздің кітапханасының есігі әрдайым ашық.

Акцияның мақсаты – халықтың рухани байлығын дамытып, кітапхананың кітап қорын әдебиеттермен толықтыру, оқырман мен кітапхана арасын нығайту және білімді де мәдениетті болып тәрбиеленуіне үлес қосып, жастардың кітап оқуы үшін оларды кітапханаға тарту.

Акцияға мектебіміздің оқушылары өздерінің сүйікті кітаптарын мектеп кітапханасына сыйға тартты. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында 2 «А» сынып оқушылары, 4 «Е» сынып оқушылары Қайыржан Ильяс, Айдарбек Амир, Демкеш Айзере, Тургазин Ерсұлтан, 11 «В» сынып оқушылары кітапхана қорына әртүрлі жанрдағы қызықты кітаптарды сыйға тартты. Сыйға тартқан кітаптар оқырмандарымызға қуаныш сыйласын!



«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектеп кітапханасында **«Тарлан талант иесі»** кітапханалық танымдық сағаты ұйымдастырылды. Танымдық сағатымыздың мақсаты: Әдебиетіміздің негізін салушы қаламгерлердің бірі - Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы жайында әр қырыннан мағлұмат беру. Дамытушылық: оқушының өзіндік ой - қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түюге баулу, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру арқылы таным - түсініктерін, тілдік қорын дамыту. Тәрбиелік: жазушы өмірін өнеге ете отырып, оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, өз елінің тілін, тарихын, әдебиетін құрметтеуге баулу.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханасында 3 «А» сынып оқушыларымен оқу сауаттылығын көтеру мақсатында, оқушыларды кітап оқуға баулу негізінде **«Бір кітап, бір сурет»** кітапханалық сабақ ұйымдастырылды. Кітапханалық сабақтың басында оқушылардың өз ой-пікірін ашық, бүкпесіз айтуына жағдай жасалды. Оқыған кітаптары жайлы әңгімелеп, сол оқыған кітаптары жөнінде сурет салды.



«Демалыста кітап оқимыз!» тақырыбында «Ашық алаң» кітапханалық сабақ ұйымдастырылды. **Мақсаты** : Қатысушыларды ойын түрінде командада тиімді әрекет жасауға, рөлдерді бөлуге, жұмыс сапасын жақсартуға, ортақ мақсатқа жетуге үйрету. Командалар құру, топ ішінде рөлдерді бөлу дағдысына үйрету. Ойын барысы: Әр топ «миқатырғыш пазлдар» алады. Мақсат – бөліктерді жылдам жинау. Ойын баланың

алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес.





Кітапханада көптеген кітап көрмелері жасалады олар атаулы күндерге, әр мерекелерге байланысты болады. Кітапхананың әрбір кітабын оқырманға насихаттауда кітап көрмесінің маңызы зор. Оқу залында «Туған тілім – айбыным», «Анықтамалар сөздіктер», «Асқар таудай алып тұлғалар», «Туған өлкем -Қазақстан», «Балаларға базарлық», «Тарих – өткен күн болашағы», «Бір ел, бір кітап», «Ахмет-ұлт ұстазы», «Асыл сөзді іздесең Абайды оқы», «Жаңа кітаптар айдары» тақырыбында тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылған. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» елордалық мемлекеттік орта білім беру ұйымдары арасында «Үздік мектеп кітапханасы-2024» байқауын ұйымдастырған болатын. Осы байқауда «Үздік мектеп кітапханасы-2024» қалалық байқауында мектеп кітапханасы ІІ орынды иелендік.



Ұлы Отан соғысына қатысушылардың есімдерін ұлықтау және өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, Отанға деген мақтаныш сезімін ояту, Қазақстанның қаһармандық ерліктерге толы тарихына құрметпен қарауға үйрету,

9-мамыр Жеңіс күніне арналып ата-бабаларымыздың ерен ерліктерін мәңгі есте сақтап, рухани тағзым қылу мақсатында 2025 жылдың 3 мамыр күні кітапханада «Желбіре, жеңіс жалауы!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Желбіре, жеңіс жалауы!» атты кең көлемді кітап көрмесіне сұрапыл соғыстан елімізді аман сақтап, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырған қазақ батырларының ерліктерінен сыр шертетін кітапхана қорындағы тарихи, көркем әдеби әдебиеттерге шолу жасалды.

Астана қаласы «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ Ұлттық кітап

күніне орай «Бір ел –бір кітап» республикалық акциясы аясында «Қазақ прозасы мен поэзиясының қос тұлпары» тақырыбындағы таңдалған қаламгерлер Ж. Нәжімеденов пен Т. Әлімқұловтың шығармаларын насихаттау, оқу мәдениетін дамыту және қолдау мақсатында ұйымдастырылған. Мектебімізден 6-10 сынып оқушылары қатысып, соңғы кезеңге 10 «В» сынып оқушылары Тоқтар Қарақат Ерлікқызы І орынды иеленсе, Қайратқызы Гүлзат мақтау қағазымен марапатталды.



Бұл жобаның негізгі мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету; Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру; Оқушыларға әдеби кітаптарды насихаттау арқылы олардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Осы жоба аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген белсенділіктері артуда. Осы жобаға Кішінін буыннан – 73 оқушы, орта буыннан – 65 оқушы, жоғарғы

буынан – 13 оқушы, жалпы 151 оқырман қатысты. Оқушылар әр айсайын берілген кітаптарна тест тапсырып отырды. Тапсырылған тест нәтежесі арқылы жиналған балдық фишкаларын алды. 24 мамыр күні **«Жұлдызды шеруде» «Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында мектеп ішілік қорытынды нәтижелері өтті.

Қорытынды нәтижесі бойынша:

«Кітап оқу жақсы әдет» кіші буынның арасынан

I – орын 4 «Д» Ануар Санжар

II – орын 3 «А» Ділдібек Дарын

II – орын 4 «В» Мырзаш Рамазан

III – орын 3 «А» Тілеулі Иманалі

III – орын 3 «Е» Бақтыбай Бақытжан

«Бір отбасы-бір кітап» орта буынның арасынан

I – орын 6 «А» Серік Аружан

II – орын 5 «Б» Мәлік Айзере

III – орын 5 «Б» Сыламхан Ләйлім

III – орын 6 «Б» Оспан Нариман

«Мектептің үздік оқырманы» жоғары буынның арасынан

I – орын 8 «Ә» Серік Қайрат

Жұлделі орын алған оқушылар мектептің атынан бағалы сыйлықтарға ие болды.

Осы жобаға белсене қатысып жоғары ұпай жинаған оқушылар Сапаралы Інжу 3 «В», Қабдуахит Ахмет 4 «Б», Айдарбек Санжар 4 «В», Сүлеймен Санжар 4 «Д», Мырзабек Ескендір 7 «В», Жеткербай Аяла, Сабидолла Нәби, Нұрболат Саянұр, Рахымғали Адель, Бақыт Мансур, Фазылхан Ахан 5 «Б» сынып оқушыларын ерекеше атап өткен жөн болар.

Жобаға белсене қатысқан сыныптар.

Олар: 3А-2, 3Ә-22, 3Б-2, 3В-4, 3Г-1, 3Е-7, 4Б-12, 4В-5, 4Г-4, 4Д-14, 5А-8, 5Ә-2, 5Б-24, 5Д-5, 6А-1, 6Б-22, 6Д-1, 7В-1, 8Ә-7, 8Б-1, 8Г-1, 8Е-2, 9В-1, 10А-1.





Электронды ақпараттандыру, электронды әдеби кітаптарын пайдалану:

Мектеп кітапханасы оқырманның сұраныстарын толық қанағаттандыра алады. Кітап қорында жоқ материалдарды, қосымша іздену мақсатында интернет пайдалануға мүмкіндік жасалған. Мектеп кітапханасы қазіргі заманға сай мектептің оқу тәрбие процесінің сұранымына толық жауап беруге тиісті.

Қорытынды:

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс – шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу – тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Осы бағыт бойынша сынып жетекшілер, психологтар, әлеуметтік педагогтар, мұражай, мәдени орталықтармен бірлесе жұмыс жүргізіп отырылса нұр үстіне нұр болар еді.

Ұсыныс:

- Кітапханадан кітап алып оқуға орта буынмен жоғарғы сынып оқушыларының белсенділігін арттырып, қызығушылығын ояту;
- Алдағы уақытта мерекелерге байланысты сынып жетекшілер мектеп кітапханашыларымен біріге отырып тағылымы мол тәрбие сағаттарын өткізсе;
- Жобаларға, акцияларға оқушылардың белсенді қатысуын сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері қадағаласа;

- Мектеп кітапханасын заману кітапханамен алмастырса, ковркинг зоналары орынатылса.

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ОТБАСЫ БАЛАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС.

Оқу жылының басында 5-20 қыркүйек аралығында әр сынып жетекші өз сыныптарының әлеуметтік төлқұжатын жасады. Соның негізінде мектептің әлеуметтік төлқұжаты анықталды.

«Жалпыға бірдей міндетті оқуды» жүзеге асыру айлығын өткізу барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға материалдық көмек көрсету жүргізілді. Бағдарлама аясында төмендегі санаттағы оқушыларға мектеп киімін, аяқ киімін және жазу материалдарын сатып алуға материалдық көмек көрсетілді.


Жалпыға бірдей білім беру бағдарламасы аясында «Мектепке жол» акциясы құрылып, мектеп оқушыларының келесі санаттарына көмек көрсетілді:

2024-2025 оқу жылы

1. Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан шыққан бала саны – 31 бала. Аз қамтылған отбасынан шыққан бала саны – 63 бала, қамқорлықтағы оқушылар саны – 1 бала. Қамқоршылық кеңес шешімі бойынша - 24. Жалпыға бірдей білім беру бағдарламасы аясында 119 оқушыға 43407 мың теңгеден ақшалай көмек берілді. Жалпы соммасы 5165433 теңгені құрады. Оның ішінде әр санатты көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынсыз қалған (жетім), мүмкіндігі шектеулі балалар бар.

2.Әр оқу жылының басында «**Мектепке жол**» акциясына мектебіміз үлкен жауапкершілікпен өткізуге ат салысып келеді.«Мектепке жол» акциясына Алматы ауданының әкімшілігінің ұйымдастыруымен мектебімізде білім алатын 20 оқушыға демеушілік көрсетілді. Оларға жаңа оқу жылына керекті оқу-құралдармен, мектеп рюкзактары табыс етілді

Жаппай оқыту бойынша балаларсаны




	Жетімдер	АСП	Күнкөріс деңгейіндегі төменділігі	Өзге санаттағылар
2022-2023 оқу жылы	1	30	54	23
2023-2024 оқу жылы	1	37	43	27
2024-2025 оқу жылы	1	31	63	24

Ыстық тамақпен қамту, «Тамақтың сапасын тексеру» комиссиясының жұмысы

Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту үнемі бақылауда болды. Ыстық тамақтың сапасын бақылау мақсатында бракеражды комиссия мүшелері мектепішілік бұйрық арқылы бекітілді және әр айда 2 рет ыстық тамақтың сапасын тексеріп отырды. Жыл басында ыстық тамақпен тамақтандыру «:И.П. «Қамбарова З.А» атқарды.Жалпы мектеп бойынша тегін ыстық тамақпен 1-4 сыныптардан 631 оқушы, 5-11 сыныптардан 34 әлеуметтік санаттағы оқушылар қамтылды. Күніне бір мезгіл берілетін ыстық тамақтың бағасы 800 1-4 сынып үшін, 5-9 сынып-959 теңге, 10-11 сынып -1090 теңге құрайды



Тегін тамақтанатын оқушылар саны



Қазақстан Республикасы Президенті атынан және Астана қаласы әкімі атынан жаңа жылдық шыршасы.

Қамқоршылық кеңесінің 09.12.2024 жылдың №3 хаттамасының шешімімен Қазақстан Республикасы Президенті атынан жаңа жылдық шыршаға

1. Мүмкіндігі шектеулі Жаладдинова Назым Жоламанқызы 5«Г» сынып оқушысы және Адамбек Қарлығаш Рашидқызы 5В сынып оқушысы. Әлеуметтік мәртебесі- азқамтылған,көп балалы.
2. Астана қаласы әкімі атынан жаңа жылдық шыршаға Ибраимкул Әлихан Рысбекұлы – 3 «А» сынып оқушысы. Әлеуметтік мәртебесі- көпбалалы, жартылай жетім. Оқушылар шыршаға

Қамқоршылық кеңесінің 09.12.2024 жылдың №7 хаттамасының шешімімен Қазақстан Республикасы Президенті атынан жаңа жылдық шыршаға

1. Асаин Кәусар Бахтиярқызы 2«Д»сынып оқушысы,жартылай жетім, көпбалалы , күнкөріс деңгейі төмен отбасында тәрбиеленуші оқушы.

Астана қаласы әкімі атынан жаңа жылдық шыршаға қатысуға ұсынды:

- 2.Серік Аружан Шоханқызы– 5 «В» сынып оқушысы, көпбалалы, жартылай жетім.



Жыл	Президенттікшырша	Қала әкімінің шыршасы	Алматы ауданы әкімінің шыршасы
2022-2023	2	1	1
2023-2024	1	1	1
2024-2025	2	2	1

«Адамдарға жақсылық жасайық» қамқорлық акциясы

Мектебімізде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және мектеп жасындағы балаларды міндетті оқумен қамту жайлы, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы №6-15-3/59 хатын орындау мақсатында әр оқу жылында қаңтар – ақпан айларында **«Қамқорлық»** акциясын өткізу туралы бұйрыққа негізделіп «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы бұйрық шығарылды. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және басқа санаттағы балаларға қайырымдылық жасау, 6-16 жас аралығындағы балаларды жаппай оқумен қамту және әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылды. Мектебімізде «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы бұйрық шығарып, осы мақсатта акцияны ұйымдастыру құрамы бекітілді. «Қамқорлық» акциясы туралы акция логотипін қолдана отырып, ақпараттық мағлұматтар мектепке таратылды. А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейде 23 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Адамдарға жақсылық жасайық» қамқорлық акциясы өтті. Аталған іс-шараға мектеп ұжымы және оқушылары мен ата-аналары белсене атсалысып. Барлығы 345314 теңге қаражат және демеушілерден мектеп формасын, қыстық куртка, жеңіл күртешелер, аяқ киім, оқу құралдары, тұрмыстық заттар және азық-түліктертер жиналды. Акция аясында аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмектер көрсетілді. Жоғарыда аталған отбасы балаларына мектеп формасын, қыстық куртка, жеңіл күртешелер, аяқ киім, оқу құралдары, тұрмыстық заттар және азық-түліктер түрінде көмектер берілді. Зекет қорынан 10 отбасына азық-түліктер берілді. «Адамдарға жақсылық жасайық» қамқорлық акциясы аясында 45 отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді.

«Жүрекке жылу сыйлайық» атты қайырымдылық акциясы

«Жүрекке жылу сыйлайық» атты қайырымдылық акциясы аясында мектеп ата-аналары белсенді қатысып барлығы 763 081 теңге қаражат жиналып ол қаражаттың 411201 теңгесіне бес оқушыға қыстық киімдер алып берілді. Ата-аналар қорындағы 351880 ақшаға 10 отбасына азық -түлік алып берілді.



«Жүрекке жылу сыйлайық» атты қайырымдылық акциясы

Мектебімізде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және мектеп жасындағы балаларды міндетті оқумен қамту жайлы, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы №6-15-3/59 хатын орындау мақсатында әр оқу жылында қаңтар – ақпан айларында **«Қамқорлық»** акциясын өткізу туралы бұйрыққа негізделіп «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы бұйрық шығарылды. Мектебімізде «Жақсылық жасап жарысайық» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып. Акция аясында, барлығы 34 аз қамтылған отбасыға азық- түлік

таратылды . Біздің мектебіміздің 2 "Б" сынып оқушысы Елеу Аруана ОСТРЫЙ
ЛИМФОБЛАСТЫЙ ЛЕЙКОЗ ауруына шалдығып, оқушының еміне осы акция аясында
6032000 мың қаржы жиналып ата-анасына қыздың еміне деп табысталды.

https://www.instagram.com/reel/C35Xqylotg_/?igsh=ejR2a3VycnE5ajZ6

<https://www.instagram.com/reel/C35XUAEIqgZ/?igsh=OTd1aGRrYnpOTJl>

<https://www.instagram.com/reel/C35W8qQImFG/?igsh=ODF5YWk2aGc1aWQ0>

https://www.instagram.com/reel/C35WvnMIW_q/?igsh=MTU4YmtYOWZ1dTlyOQ==

<https://www.instagram.com/reel/C35WrH2IXN8/?igsh=ZGF6Nzh6YWYwdnZ2>

<https://www.instagram.com/reel/C3ze7uuIuCf/?igsh=anRhaGFkeml4c3ly>

<https://www.instagram.com/reel/C3wsU2doIIE/?igsh=MWh0dDlzNGQ5YXNyYQ==>



<https://www.instagram.com/reel/C3wrgRQIB69/?igsh=MXJlazE0cDh1eDh3eQ=>

<https://www.instagram.com/reel/C5YZuJ3I6hX/?igsh=aTgyZWxtdW9wcTVm>



Жақсылық әлемін құру

Жақсылық пен мейірімділіктің күші

Жақсылық жаса, әлемді бірге жарқыратайық!

№	Іс – шара	Сынып	Бағыты
1	«Жақсылық жаса – әлемді жарқырат!»	5	- Отбасындағы және мектептегі жақсылықтар (досқа көмектесу, үлкеге құрмет). - Қоршаған ортаға қамқорлық (ағаш егу, тазалық жүргізу). - Мектеп ішіндегі ерікті көмектер (кітапхана, кіші сынып оқушыларына көмек). - Мұғалімдерге жылы сөздер мен алғыс айту. - Бір – біріне жақсы көіл-күй сыйлау.
2	«Мейірім – жүректен басталады»	6	- Мейірімділік туралы ертегі оқу, сурет салу. - Достық пен сыйластықты дамыту. - Қолмен жазылған хатша немесе ашық хат. - Көңіл – күй бұрышы. «Жақсылық шеңбері»
3	«Кішкентай жақсылық – үлкен өзгеріске бастар жол!»	7	- Жақсы іс – әр күннің бағыты (журнал жүргізу). "Мектеп жаңалығы". - Өзгерісті өзіңнен баста (бастау) - Кішкентай жақсылық – үлкен өзгеріске бастар жол!" мұғалімдерден сұхбат алу. - Instagram немесе TikTok арқылы жүргізу.
4	«Бір тамшы мейірім – бір әлемді құтқара алады»	8	«Қуаныш қорабы». «Мейірімділік ағашы». - Мейірімділік туралы көрініс. - Instagram немесе TikTok арқылы мейірімділік челенджі. - Мектеп сыртында ерікті көмектер (ағаш егу, тазалық жүргізу).
5	«Жақсылық – жұқпалы, таратудан қорықпа!»	9	«Жақсы іс бөліс» бұрышы жасау. «Жақсылық әлемі» бейнероликтер.

			3. Аула мен көше тазалығына атсалысу. 4. «Жақсылық жәрмеңкесі». 5. Жақсылықты тарат – стикерлер, суреттер.
